

# 2025 жылғы қаңтар-желтоқсандағы негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы

Жариялау күні: 16.01.2026

Келесі жариялау күні: 16.02.2026

1. Түйінді тұстары
2. Негізгі капиталға салынған инвестицияның динамикасы
3. Глоссарий
4. Әдістемелік түсініктемелер
5. Байланысты басылымдарға сілтемелер
6. Пайдалы сілтемелер

## 1. Түйінді тұстары


2025 жылғы қаңтар-желтоқсанда негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі 22730,6 млрд. теңгені құрады, бұл 2024 жылдан (салыстырмалы бағамен) 13% көп.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың НКИ өсуі Ақмола (53,1%-ға), Павлодар (47%-ға), Жамбыл (38,8%-ға), Ақтөбе (32,4%-ға) Алматы (29,4%-ға), Түркістан (21,6%-ға) облыстарында, Астана қаласы (21,3%-ға) және Қостанай облысында (19,1%-ға) байқалды.

Бұл ретте негізгі капиталға салынған инвестициялардың НКИ төмендеуі және Атырау (15,1%-ға) Қарағанды (8,6%-ға) облыстарында байқалады.

## 2. Негізгі капиталға салынған инвестицияның динамикасы

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен



Инвестицияның едәуір үлесін Астана қаласы (11%) және Алматы қаласы (10,3%) алады.

### Негізгі капиталға салынған инвестициялардың нақты көлемінің индекстері

	2025 жылғы желтоқсан		2025 жылғы қаңтар-желтоқсан
	2025 жылғы қарашаға	2024 жылғы желтоқсанға	2024 жылға
Қазақстан Республикасы	164,7	111,4	113,0
Абай	153,4	117,0	106,8
Ақмола	197,3	157,1	153,1
Ақтөбе	272,8	172,1	132,4
Алматы	148,6	141,9	129,4
Атырау	125,7	128,8	84,9
Батыс-Қазақстан	69,4	96,5	113,7
Жамбыл	362,0	164,2	138,8
Жетісу	285,7	120,8	112,8
Қарағанды	289,8	107,7	91,4
Қостанай	349,3	158,7	119,0
Қызылорда	49,1	62,9	110,6
Манғыстау	213,5	89,6	102,2
Павлодар	119,2	125,5	147,0
Солтүстік Қазақстан	222,5	82,3	103,9
Түркістан	149,4	115,7	121,6
Ұлытау	182,2	95,1	103,4
Шығыс Қазақстан	174,1	79,8	105,2
Астана қаласы	168,9	108,5	121,3
Алматы қаласы	149,8	78,8	109,2

Жалпы республикалық күрделі салымдар көлемінің жартысына жуығы ірі және орта кәсіпорындар жүзеге асырады.

### Кәсіпорындардың мөлшері бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар


мың теңге

	Негізгі капиталға салынған инвестициялар игерілді	Соның ішінде		
		шағын кәсіпорындар	орта кәсіпорындар	Ірі кәсіпорындар
2024 жылға	19 461 332 759	10 686 595 089	2 141 891 110	6 632 846 560
2025 жылғы қаңтар-желтоқсан	22 730 624 809	13 209 160 224	2 446 880 894	7 074 583 691

Жалпы шығындардың 66,1% ғимараттар мен имараттарды салу және күрделі жөндеу жұмыстарына және жалпы көлемнің 29,4% машиналарды, жабдықтарды және көлік құралдарын сатып алуға жұмсалады.

### Негізгі капиталға салынған инвестициялардың НКИ элементтерінің технологиялық құрылымы

өткен жылдың тиісті кезеңіне пайызбен



Инвестицияларды қаржыландырудың басым көздері шаруашылық жүргізуші субъектілердің меншікті қаражаты болып қала береді, олардың көлемі 2025 жылғы қаңтар-желтоқсанда 13965,9 млрд.теңгені немесе жалпы көлемнің 61,5%-құрады.

Бюджет қаражаты негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінің 21,9% құрады, бұл ретте 2024 жылмен салыстырғанда 14,5% ұлғайды.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінде экономиканың нақты секторын қаржыландырудағы банк саласының үлесі 4,5% алады.

### Қаржыландыру көздері бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар

	2025 жылғы қаңтар-желтоқсан		Анықтама: 2024 жыл қорытындыға пайызбен
	мың теңге	қорытындыға пайызбен	
Негізгі капиталға салынған инвестициялар қаражаттарды қоса алғанда:	22 730 624 809	100,0	100,0
мемлекеттік бюджеттен	4 984 045 671	21,9	21,6
меншікті қаражат	13 965 937 273	61,5	62,9
банктердің кредиттері	1 029 478 659	4,5	4,0
одан:			
шетелдік банктердің кредиттері	115 053 344	0,5	1,1
Басқада қарыз қаражаты	2 751 163 206	12,1	11,5
одан:			
резидент емес қарыз қаражаты	767 539 661	3,4	3,2

2025 жылғы қаңтар-желтоқсанда негізгі капиталға салынған инвестициялардың негізгі үлесі өнеркәсіпке (39,8%) (оның ішінде тау-кен өндіру өнеркәсібіне және карьерлерді қазуына (14,1%), өңдеу өнеркәсібіне (12,3%), жылжымайтын мүлікпен операцияларға (18%), көлік және қоймалауға (17,8%), білім беру (5,6%) және ауыл, орман және балық шаруашылығы (5,1%) тиесілі.

## Пайдалану бағыттары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар

	Негізгі капиталға салынған инвестициялар, мың теңге	2024 жылға, пайызбен	Инвестициялардың жалпы көлеміндегі үлес салмағы, пайызбен
Барлығы	22 730 624 809	113,0	100,0
оның ішінде:			
ауыл, орман және балық шаруашылығы	1 162 995 301	153,0	5,1
өнеркәсіп	9 041 671 531	112,4	39,8
оның ішінде:			
кен өндіру өнеркәсібі және қарьерлерді қазу	3 204 742 287	85,0	14,1
өңдеу өнеркәсібі	2 791 604 427	130,1	12,3
электрэнергиясы мен, газбен, бумен, ыстықсумен және ауаны кондициялау мен жабдықтау	2 106 719 391	153,1	9,3
сумен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет	938 605 429	128,2	4,1
құрылыс	159 563 127	108,3	0,7
көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	469 201 210	108,6	2,1
көлік және қоймалау	4 035 308 102	109,0	17,8
тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету	230 533 519	123,9	1,0
ақпарат және байланыс	413 969 428	113,4	1,8
қаржы және сақтандыру қызметі	313 470 722	188,4	1,4
жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	4 102 636 209	110,0	18,0
кәсіби, ғылым және техникалық қызмет	77 386 187	72,4	0,3
әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	177 230 363	105,3	0,8
мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету	260 221 893	140,8	1,1
білім беру	1 280 292 195	109,2	5,6
денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету	548 369 619	113,4	2,4
өнер, ойын-сауық және демалыс	421 924 762	134,7	1,9
өзге де қызметтер түрлерін көрсету	35 850 664	115,4	0,2

### Электронды кестелер:

[Негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы](#)

## 3. Глоссарий

Негізгі капиталға инвестициялар-инвесторлардың жаңа құрылыс, сондай-ақ объектінің кеңейту (объектінің бастапқы құнының ұлғаюына әкеп соғатын) жағдайында инвесторлар үшін экономикалық, әлеуметтік немесе экологиялық әсер алу мақсатындағы инвестициялар, машиналар, жабдықтар, көлік құралдарын сатып алу, негізгі табынды, көпжылдық екпелерді қалыптастыруға кететін шығындар және т.б.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарына және күрделі жөндеуге арналған шығындарға ғимараттар мен құрылыстарды салу, кеңейту, реконструкциялау, энергетикалық, технологиялық және басқа жабдықтарды монтаждау жөніндегі жұмыстар бойынша кешенді жұмыстардың шығындары, сондай-ақ тұрғын емес, тұрғын ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеу жөніндегі шығындар жатады.

Машиналар мен жабдықтарды сатып алуға арналған шығындар-машиналарды, көлік құралдарын, жабдықтарды сатып алуға арналған шығындарды қамтитын инвестициялардың технологиялық құрылымының элементі.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміндегі өзге де шығындар-жобалау-іздістіру жұмыстарына, авторлық қадағалауға, салынып жатқан объектілер дирекцияларын ұстауға арналған шығындар, мәдениетті биологиялық шығындарға арналған шығындар, сондай-ақ ұйымдар құрған немесе сатып алған, шаруашылық қызметте бір жылдан астам пайдаланылатын, ақшалай бағасы бар, иеліктен шығару қабілеті бар және кірістер әкелетін объектілерге жұмсалатын шығындар, бірақ материалдық құндылықтар емес.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың нақты көлемінің индексі динамикадағы инвестициялық инвестициялардың өзгеруін сипаттайды, есепті және салыстырылатын кезеңдегі негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемінің салыстырмалы бағалардағы қатынасымен анықталады.

## 4. Әдістемелік түсініктемелер

Негізгі капиталға инвестициялар туралы статистикалық ақпарат инвестициялық қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілердің (жұмыс істейтіндердің санына және экономикалық қызмет түріне қарамастан) жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларының және жеке құрылыс салушылардың объектілерді пайдалануға беруі туралы жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың бастапқы статистикалық деректері негізінде қалыптастырылады.

Инвестициялық салымдарды есепке алу инвестициялық қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектінің тіркелген жеріне қарамастан, нақты жүзеге асырылатын жер бойынша көзделген.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы айлық негізде қалыптастырылған жедел деректер жылдық деректермен нақтыланады.

Экономикалық қызмет түрлері бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы деректер пайдалану бағыты бойынша (инвестиция (түпкілікті пайдалану) бағытының сипатына және инвестордың экономикалық қызметінің түріне байланысты) қалыптастырылады.

Толығырақ әдістемелік түсініктемелер келесі сілтеме бойынша қол жетімді:

[Инвестициялық қызмет статистикасының көрсеткіштерін қалыптастыру әдістемесі](#)

## 5. Байланысты басылымдарға сілтемелер

[Статистикалық жинақ «Қазақстан Республикасындағы инвестициялық және құрылыс қызметі»](#)

## 6. Пайдалы сілтемелер

[Статистикалық нысан «Қазақстан Республикасындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы есеп» \(индекс 1-инвест, айлық\)](#)

[Ақпараттық-талдамалы жүйесі «Талдау» \[www.taldau.stat.gov.kz/\]\(http://www.taldau.stat.gov.kz/\) Инвестициялар және құрылыс статистикасы/Инвестициялар Сапа туралы есеп](#)

---

<b>Жауапты шығарушы:</b> Өндіріс және қоршаған орта статистикасы департаменті	<b>Департамент директоры</b> А. Исабекова Тел. +7 7172 749056	<b>Орындаушы:</b> Н. Қайрбекова Тел. +7 7172 749317 E-mail: <a href="mailto:na.kairbekova@aspire.gov.kz">na.kairbekova@aspire.gov.kz</a>	<b>Адрес:</b> 010000, Астана қаласы пр. Мәңгілік ел, 8 Министерліктер үйі, 4кіреберіс
--	---	---	---

---

© Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы